

«Бекітемін»

«Айдана-Зере» бөбекжай балабақшасының

Меңгерушісі:

Х.Эшманова



ЖШС «Айдана-Зере» бөбекжай балабақшасының
Педагогикалық кеңес Хаттамасы

2024-2025ж

29.08.2024 ж.

Қатысқандар: 8

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық кеңес хатшысын сайлау.
2. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
3. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстардың қорытынды есебі.
4. Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы.
5. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары, ҰІӨ кестесі, күн тәртібі және педагогтардың жоспарларын бекіту.
6. Жас мамандарға тәлімгерлерді және жүргізілетін жұмыс жоспарын бекіту.
7. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін бекіт, комиссияның құрамын сайлау.
8. Тәрбиешілерді топтарға бекіту
9. Конституция мен Білім күніне арналған іс-шара жоспарын бекіту.

1.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе педагогикалық кеңес хатшысын сайлау, туралы балабақша меңгерушісі Х.Эшманова сөз алды.

Педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтады. Әуелі педагогикалық кеңес хатшысын сайлап алуды ұсынды. Хатшылыққа балабақша әдіскері Х.Эшманова ұсынды. Педагогтар бір ауыздан келісіп сайлады.

2.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы әдіскер Х.Эшманова айтып өтті.

Тәрбиешілер ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспарын түзіп, күн тәртібі барысында балаларды қабылдау, шығарып салу кезінде түрлі тақырыпта кеңестер беріп отырды. Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында жақсы қарым-қатынас орнаған.Жас мамандармен жаз мезгілінде де жұмыс жүргізіледі. Жазғы сауықтыру, ойын сауықтарды ұйымдастыру кезінде ақыл- кеңестер беріліп, түсіндіру жұмысы жүргізілді.

1.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы туралы балабақша меңгерушісі Х.Эшманова сөз алды Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерудің қорытындысы қанағаттанарлық деп біршама жұмыстарға тоқталып өтті.

1.Тыңдалды:балабақша әдіскері: Х.Эшманова

2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары, ҰІӨ кестесі, күн тәртібі және педагогтардың жоспарларын бекіту

Ересек тобы

4- жасқа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары

2024-2025 оқу жылы

№	Білім беру салалары/ұйымдастырылған оқу қызметі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Айлық сағат саны	Оқу жылындағы сағат саны
1	Дене шынықтыру	3	-	12	108
	Дене шынықтыру **		күн сайн	-	-
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет		күн сайн	-	-
	Қазақ тілі	1	-	4	36
	Қазақ тілі ***		күн сайн	-	-
3	Математика негіздері		күн сайн	-	-
4	Қоршаған ортамен таныстыру		күн сайн	-	-
5	Сурет салу		күн сайн	-	-
	Мүсіндеу		күн сайн	-	-
	Аппликация		күн сайн	-	-
	Құрастыру		күн сайн	-	-
6	Музыка	2	-	8	72
	Музыка ****		күн сайн	-	-
7	Арнайы түзетіші іс-әрекет *****		күн сайн	-	-
	Барлығы:	6 сағат	-	24	216

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармайшылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық кимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Ортанғы топ

3- жасқа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары

2024-2025 оқу жылы

№	Білім беру салалары/ұйымдастырылған оқу қызметі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Аптадағы өткізу жиілігі	Айлық сағат саны	Оқу жылындағы сағат саны
1	Дене шынықтыру	3	-	12	108
	Дене шынықтыру **		күн сайн	-	-
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет		күн сайн	-	-
	Қазақ тілі	1	-	4	36
	Қазақ тілі ***		күн сайн	-	-
3	Математика негіздері		күн сайн	-	-
4	Қоршаған ортамен таныстыру		күн сайн	-	-
5	Сурет салу		күн сайн	-	-
	Мүсіндеу		күн сайн	-	-
	Аппликация		күн сайн	-	-
	Құрастыру		күн сайн	-	-
6	Музыка	1	-	4	36
	Музыка ****		күн сайн	-	-
7	Арнайы түзетіші іс-әрекет *****		күн сайн	-	-
	Барлығы:	4 сағат	-	20	180

Ескерту:

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, сонын ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, кимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық кимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді. Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Кіші топ

3- жасқа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспары 2024-2025 оқу жылы

№	Ұйымдастырылған іс-әрекеті	Кіші жас «Балапан» тобының (2-3 жастағы балалар)			
		Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме	Айлық сағат саны	Оқу жылындағы сағат саны
1	Дене шынықтыру		3	12	108
	Дене шынықтыру	Күн сайын		-	-
2	Сөйлеуді дамыту	Күн сайын		-	-
	Көркем әдебиет	Күн сайын		-	-
3	Сенсорика	Күн сайын		-	-
	«Шығармашылық»			-	-
4	Сурет салу	Күн сайын		-	-
	Мүсіндеу	Күн сайын		-	-
	Жапсыру	Күн сайын		-	-
5	Музыка	Күн сайын	1	4	36
6	Қоршаған ортамен танысу	Күн сайын		-	-
7	Барлығы:		4	16	144

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, кимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес)арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі.

Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді. Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі. осылай егжей тегжей таныстырып өтті. Күн тәртібінде осылай таныстырып бекітіп берді.

Тыңдалды алтыншы мәселе бойынша Балабақша меңгерушісі: Х.Эшманова Жас мамандарға тәлімгерлерді және жүргізілетін жұмыс жоспарын бекіту, **Мақсаты:** жас мамандарға педагогика мен психология саласында теориялық және практикалық мәселелер бойынша әдістемелік көмек пен жеке кеңестер беруді өткізуді ұйымдастыру. Жас мамандарды педагогикалық ізденістерге үйрету, ұстаздық шеберлікке тәрбиелеу, қазіргі заман талаптарына сай жаңа ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қойылатын талаптарды меңгерту. **Міндеттері:**

- оқыту үрдісінде ізгілендіру мен демократияландыруды басшылыққа алу;
- жаңа заман талабына қойылатын талаптарды зерттеу;
- педагогикалық жаңашылдықты үйрену, меңгеру және дамыту педагогтарға мақсатымен міндетімен таныстырып өтті. **Тыңдалды:** балабақша меңгерушісі: Х.Эшманова жетінші мәселе бойынша Шығармашылық топ мүшелері мен жұмыс жоспарын бекітіліп берілді. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін бекітіп, комиссияның құрамын сайланды. Тәрбиешілерді топтарға бекіту мәселесі 7 топ тәрбиешілер бекітілді. Конституция мен Білім күніне арналған іс-шара жоспарын бекітілді Жылдық жоспар негізінде.

Қаулы:

1. Педагогикалық кеңес хатшысын сайлансын.
2. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстардың қорытынды есебі.
3. Жаңа оқу жылына дайындық шолу тексерілсін.
4. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары, ҰІӨ кестесі, күн тәртібі және педагогтардың жоспарларын бекітілсін.
5. Жас мамандарға тәлімгерлерді және жүргізілетін жұмыс жоспарын бекітілсін.
6. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін бекіт, комиссияның құрамын сайлансын.
7. Тәрбиешілерді топтарға бекітілсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Хаттама №2

17.11.2024 ж.

Қатысқандар:8

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне жасалынған бақылаудың қорытындысын талдау.
3. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерін талдау.
- 4.Баяндама: «Баланың балабақшаға бейімделуі»
5. «Гүл композиция жасау» көрмесінің қорытындысы.
6. «Біз біргеміз» педагогтарымен тренинг.

1.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы балабақша тәрбиеші Э.Көптілеуова сөз алды.

Құрметті тәрбиешілер жаңа оқу жылының басталғанына да екі айдың жүзі болды. Жаңа 2024-2025 оқу жылына дайындық жұмыстары өз деңгейінде жүргізілді. Оқу тәрбие жұмысы стандарт талаптарына сай жоспарланып жүргізілуде. Бала өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі туралы нұсқаулық жүргізіліп, таныстырылды. Педагогтар мен тәрбиешілер іскерлікпен, шығармашылық пен методикалық талапқа сай жұмыс жүргізіп келеді.

2.Тыңдалды: Х.Эшманова Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне жасалынған бақылаудың қорытындысын талдау туралы айтылды.

Балабақшаның 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарына сай топ тәрбиешілерінің күн тәртібін сақтау жүйелілігін көру мақсатында 2023 жылдың 21-23 қараша күндері аралығында топтарында «Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуін бақылау» тақырыбында тақырыпты тексеру жүргізілді. Тексеру барысында:

Топтардың іс құжаттарынан бастапқы мониторинг, апталық циклограмма, перспективалары, жеке даму картасы тексерілді. Құжаттар талапқа сай жүргізілген. Тәрбиешілер апталық тақырыпқа сай жұмыстарын жоспарлап отырады. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізуде. Тексеру тақырыбына сай тәрбиешілердің көрнекіліктері, құжаттары және де қосымша материалдары тексерілді.

Күн тәртібі- балар іс әрекеті мен демалысының уақыты мен кезегіне қарай тиімді өмір тәртібі. Балабақшадағы тамақтану, ұйықтау, ойнау, оқу, серуендеу – күн тәртібінің мазмұнын құрайды және олар қайталанып отырады.

Балалар өз уақытынан кеш келіп жатты. Тәрбиешілердің ата- аналармен қарым-қатынас жасау барысында балаларды балабақшаға уақытпен алып келулерін ескертіп айту керек еді. Сонымен қатар ортаңғы топ тобының ұйымдастырылған іс әрекеттеріне қатыса отырып, тәрбиешісі тәрбиеленушілермен жүргізген жұмыстары қаралды. Тәрбиеші іс әрекетін ойын арқылы балаларға қызықты етіп өткізді. Іс әрекеті аяқталысымен балаларды серуенге апаруға дайындалды. Серуен барысында табиғаттағы өзгерістермен таныстырып, еңбекке баулыды. Содан соң балаларды ойынға шақырып, қызықты ойындар ұйымдастырды.Сағат 11.30-да балаларды ішке кіргізіп гигиеналық шаралар жүргізді. Балалар өз беттерінше шешінуді, колдарын жууды меңгеріп қалған. Игере алмаған балаларға тәрбиеші өзі көмек беруде. Ас адамның арқауы демекші жуынып болған соң балалар тамақтануға отырды. Балалардың отыруына, қалай тамақтану керек екендігін түсіндіре жүріп, тазалыққа шақырды.

Балалар төсекте жатып гимнастикалар орындады. Содан соң түймелі іздермен жүріп біршама сергіп қалды. Беті –қолдарын жуып бесін асты ішуге отырды. Тамактанып болған соң тәрбиеші ойын ойнатуға кірісті. Дидактикалық ойындар ойнатылып болған соң, серуенге шығуға дайындалды. Балалар сыртқа шығып түрлі ойындар ойнады. «Күн тәртібінің дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуін бақылау» тақырыбындағы тақырыпты тексерудің келесі күндерінде ересек тобы тексерілді. Ересек топтардың балаларды қабылдауынан бастап, таңертеңгілік ойындар мен ертеңгілік гимнастиканы қалай ұйымдастыруына бақылау жасалды. Балалар таңертеңгілік асқа барлығы бірдей отыруы шарт. Бірақ топ тәрбиеленушілері мерзімінен кешігіп келіп жатты. Сағат 9.00-ден-10.15 ке дейін ұйымдастырылған іс әрекетіне дайындық жүргізілді. Іс әрекеттері жүргізіліп жатқан тұста балалар кешігіп іс әрекетін ортасынан бөліп келіп жатты. Осындай кемшіліктерді болдырмауға тырысуымыз қажет. Ересек тобының тәрбиеленушілерінің серуенге шыққан уақыты, еңбек етуі мен қимылды ойындары қаралды. Балалар серуенде білмегендерін тәрбиешілерден еркін сұрап, табиғатты бақылауға тырысты. Тәрбиеші балалармен бірге ойындар ойнап, балалардың қызығушылығын одан әрі арттырды. Сағат 12.10- да балалар ішке кіріп, өз беттерінше шешініп, жуынуға кірісті. Балалар түскі ас ішуге отырды.

3. Тыңдалды. Ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерін талдау.

Балабақша меңгерушісі Х.Эшманова сөз алып өткізілген ашық ұйымдастырылған іс әрекеттеріне тоқталып өтті.

Жаңа тақырыпты түсіндіру барысында тәрбиеші суреттер пайдаланды, балаларға сұрақтар қоя отырып сұхбат жүргізді.. Ортаңғы тобының тәрбиешісі «Ойыншықтар» тақырыбында ҰІӨ өткізді. Тәрбиешінің қойған мақсаты, білімділік тапсырмасы сұрақтар қойып, жауап алуы, сөйлеу мәнері қолданылған әдіс-тәсілдері балалардың сөйлеу мәнері қаралып, орташадан жоғары деген баға қойылды. Кіші жас

Тәрбиешілердің жұмыстары сараланды. Ашық ҰІӨ талапқа сай өтті. ҰІӨ жақсы дайындалған.

4. 4.Тыңдалды: 4.Баяндама: «Баланың балабақшаға бейімделуі»

2 -3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.

Сондықтан кеңес береміз:

- Үйдегі жағдайды балаңыз келетін топтың күн режимімен бірдей етіп ұйымдастыруға жұмыстаныңыз.

- Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз

- Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.

- Баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.

- Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне қызығуын түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

- Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға. Сондай – ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшаға беріп жібергеніңіз абзал.

- Жоспарлаңыз, балабақшаға бірінші келген мезгілінде балаңызды бірінші күні – ақ күн ұзағына қалдырмауды. Балабақшаға жаңадан келген балалар алғашқы аптада 3 – 4 сағат, одан әрі түске дейін, айдың аяғына таман егер тәрбиеші кеңес берсе күні бойына қалдырылады.

- Кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмау үшін «демалыс» алуға болады.

- Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдануды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет.

- Бала балабақшаға тек ауырмай келуі қажет. ОРЗ, ОРВИ сақтану үшін түрлі витаминдер пайдалану қажет, мұрын қуыстарын оксолин мазмен сылап тұру қажет.

Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса балабақшаға келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. Баланың балабақшаға барлық бейімделу уақытында психологпен балабақшаның медика – педагогикалық қызметі бақылауға алады.

5. Тыңдалды: «Гүл композиция жасау» көрмесінің қорытындысы туралы балабақша меңгерушісі Х.Эшманова сөз алды.

Балабақшаның барлық топ тәрбиешілері көрмеге өз жұмыстарын ұсынды. Байқаудың мақсаты жеке тұлғаның табиғи қажеттіліктерін ынталары мен белгілерін қалыптастыру, табиғат қамқоршылары қатарын молайту, тәрбиешінің еңбектік, эстетикалық мәдениетін, экологиялық сана-сезімін қалыптастыру және дамыту.

6. «Біз біргеміз» педагогтарымен тренинг

Мақсаты: Ұжымның көңіл-күйлерін жақсарту, қарым-қатынасты нығайту, өзін еркін сезінуге көмектесу, ұжым ауызбіршілігін қалыптастыру.

Тренинг ережесі:

1.Күлімсіреу;

2.Бірігіп жұмыс жасау;

3.Өз ойын еркін ашық жеткізу;

4.Белсенді қимыл қозғалыс;

5.Еркін отыру; Соңына келе өте қызықты етіп аяқталды.

Шешімі:

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізе отырып, эксперименттік жұмыстар көп жүргізілсін. Жауапты: тәрбиешілер.

2. ҰІӨ жоспарлап өткізуде айтылған ұсыныстарды назарға алып, кемшіліктермен жұмыс жүргізілсін. Жауапты: тәрбиешілер.

Жиналыс торайымы:
Хатшы:



Х.Эшманова

**ЖШС «Айдана -Зере» педагогикалық кеңесі отырысының
№3 хаттамасы**

Қатысқандар: 8

12.02.2025 жыл

Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру қорытындылары».

Мақсаты: 2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін талдау. 2024-2025 оқу жылының II жарты жылдығына арналған бағдарламалық мазмұнды игеру сапасын жақсарту жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттарын айқындау.

Күн тәртібі

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімін орындау туралы.
«2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығындағы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру қорытындысы» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел.
 2. «№3 педагогикалық кеңеске салыстырмалы бақылау нәтижелері» балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің аралық мониторингінің қорытындылары».
 3. «I жартыжылдықтағы жұмыс нәтижелері туралы педагогтарын талдамалық есебі»
 4. «I жартыжылдықта жеке даму балаларға арналған топтарда мектеп жасына дейінгі балаларға жүргізілген түзету әсерінің нәтижелерін сапалы бағалау» тақырыбы бойынша есеп.
 5. «2024-2025 оқу жылының № I жартыжылдығындағы педагогтардың есебі.
 6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 12.11.2021. № 561 бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары және шарттарымен танысу. 2024-2025 оқу жылына аттестаттау комиссиясының, сараптамалық кеңестің құрамын қайта сайлау.
 7. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларымен танысу.
- Педагогикалық кеңес шешімінің жобасы, оны талқылау, толықтыру.

Тыңдады:

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Х.Эшманова сөз сөйледі.

Педагогикалық кеңестің шешімін орындау жоспарлы түрде жүргізіліп жатыр. педагогикалық кеңестің бақылауында қалдыруды ұсынамын. - «Ойын қызметін ұйымдастыру» тақырыбы бойынша фронтальді бақылау нәтижелері бойынша:

- барлық топтардың тәрбиешілеріне топтардың пәндік-даму ортасын қайта қарау, оларды сюжетті-рөлдік ойындармен толықтыру. Қолда бар ойын материалы картотекаларға сәйкес жаңартылсын және жүйеленсін.

- Тәрбиешілер әртүрлі ойын түрлерін өткізу әдістемесін, ойын іс-әрекетінің дағдыларын дамыту бойынша жұмыстың ерекшеліктерін зерделеу жұмысын жүргізісін.

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан қолдады.

Бұдан әрі «2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру қорытындысы» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өткізілді.

Екінші мәселе бойынша Х.Эшманова «Балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің аралық мониторингінің қорытындылары» салыстырмалы бақылау нәтижелерін жариялады.
(анықтама қоса берілген)

Педагогикалық кеңестің шешіміне енгізуді ұсынды:

Балалардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің аралық мониторингінің нәтижелері бойынша жеке даму карталарында түзету іс-шараларын белгілеу, белгіленген іс-шараларға сәйкес жеке жұмыс жүргізу.

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан қолдады.

Педагогикалық кеңестің шешіміне енгізуді ұсынды:

Педагогикалық процестің барлық қатысушыларын жұмыстың әртүрлі формалары арқылы психологиялық сауаттылықты арттыруға мүмкіндік беретін психологиялық біліммен қамтамасыз ету. Ата-аналар мен педагогтерге қызықты, әрі өзекті болатын ақыл-кеңес тақырыбын нақтылау.

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан қолдады.

Төртінші мәселе бойынша

Педагогикалық кеңестің шешіміне енгізуді ұсынды:

Екінші жартыжылдықта Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының Балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту деңгейінің аралық мониторингінен алынған деректер негізінде жұмысты құру.

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан қолдады.

Бесінші мәселе бойынша

Педагогикалық кеңестің шешіміне енгізуді ұсынды: екінші жарты жылдықта Балалардың біліктері мен дағдыларын дамыту деңгейінің аралық мониторингінен алынған деректер негізінде жұмысты құру.

Қатысушылар ұсынысты бірауыздан қолдады.

Алтыншы мәселе бойынша қатысушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттауды өткізу қағидалары және шарттарымен танысып, аттестаттау комиссиясының, сараптамалық кеңестің құрамын қайта сайлау туралы мәселені талқылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілген Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары және шарттарын жаңартуға байланысты аттестаттау комиссиясы мен сараптамалық кеңестің құрамын қайта сайлау қажеттігін түсіндіріп, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің құрамын қарауға ұсынды. Сайлау үшін келесі кандидатуралар ұсынылады:

Қатысушылар комиссия мен кеңестің құрамын бірауыздан мақұлдады.

Жетінші мәселе бойынша меңгеруші Х.Эшманова қатысушыларды білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларымен таныстырды, жұмыс қағидаларға сәйкес жүзеге асырылсын.

Шешім:

1. «Ойын қызметін ұйымдастыру» тақырыбы бойынша фронтальді бақылау нәтижелеріне сәйкес педагогикалық кеңестің бақылауында қалдыру:

- барлық топтардың тәрбиешілеріне топтардың пәндік-даму ортасын қайта қарау, оны сюжетті-рөлдік ойындармен толықтыру. Қолда бар ойын материалын картотекаларға сәйкес жаңарту және жүйелеу.

- Тәрбиешілерге әртүрлі ойын түрлерін өткізу әдістемесін, мектеп жасына дейінгі балалардың дағдыларын дамыту бойынша жұмыстың ерекшеліктерін зерделеу бойынша жұмыс жүргізу.

2. Балалардың Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеруінің аралық мониторингінің нәтижелері бойынша жеке даму карталарында түзету іс-шараларын белгілеу, белгіленген іс-шараларға сәйкес жеке жұмыс жүргізу.

3. Педагогикалық процестің барлық қатысушыларын жұмыстың әртүрлі формалары арқылы психологиялық сауаттылықты арттыруға мүмкіндік беретін психологиялық біліммен қамтамасыз ету. Ата-аналар мен педагогтерге қызықты әрі өзекті болатын ақыл-кеңес тақырыптарын нақтылау.

4. Балалардың дағдылары мен дағдыларын дамыту деңгейінің аралық мониторингінен алынған деректер негізінде жұмысты құру.

5. Аттестаттау бойынша комиссияның құрамы бекітілсін:

6. Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын зерделеу, жұмысты қағидаларға сәйкес жүргізу.

Жиналыс торайымы :
Хатшы :



Х.Эшманова

ЖШС «Айдана -Зере» педагогикалық кеңесі отырысының №4 хаттамасы

Өткізілген уақыты: 26.05. 2025 ж

Қатысқандар саны – 8

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. №3 пед кеңестің шешімдерін орындау, талдау жасау.
3. Оқу процесінің жылдық қорытындысы.
4. Тәрбиешілер мен педагогтардың, мейірбикелердің жылдық жоспары.

1.Тыңдалды: балабақша меңгерушісі Х.Эшманова өткен кеңестің қаулылыларының орындалуына қанағаттанарлық.Және де 2024-2025 оқу жылының қорытындылап өткізілген іс шараларға тоқталып өтті. Аналар күніне арналған онлайн ертеңгілік ойдағыдай өтті. Балалар тәрбиеші үйреткендей үйде бәйшешектен гүл жасап аналарына сыйлады. Ата-аналар ризашылықтарын жеткізді. Сонымен қатар Наурыз мейрамы қарсаңында өткен ертеңгіліктер да қанағаттанарлықтай өтті.Ертеңгілікте қазақтың салт дәстүрлері бойынша ойындар ұйымдастырылып,тапсырмалар берілді. Дайындық аз болған. Анықталған кемшіліктер алдағы уақытта орындалуы тиіс екенін ескертті. Тәрбиешілер толық орындауға уәде берді.

Балабақшада «7- сәуір дүние жүзілік денсаулық күніне арналған «Шынықсын денеміз» мерекесін ұйымдастырылғанын, ортаңғы тобында эстафеталық жарыс балалар жасына сай өткізілгенін, топ белсенді қатысқанын айтып өтті. Сонымен бірге балабақшада өткен флешмоб өткізілгенін, барлық қызметкерлер мен тәрбиеленушілер қатыстырылғанын,

балалар көңіл күйі көтеріңкі, қатысулары өте белсенді болғанына тоқталып өтті.

Сонымен бірге «Достық ұлы туымыз» ертеңгілігі мен «Ұлы жеңіс» тәрбие сағатының өтілуі қанағаттанарлық екенін айтылды.

Сөйледі: Балабақша меңгерушісі Х.Эшманова

Жас маман жетекшісі жауапты тәрбиеші ретінде бірігіп жасаған жұмыстарын қорытындылайтын болсақ, тәлімгер оқу жылы басынан перспективалық жоспармен, циклограммамен, күнделікті ІӨ мен қалай жұмыс жүргізуін үйреткен. Ашық ҰІӨ-не қатысып, өздеріне берілген тапсырмаларды орындап отырды. 1 желтоқсан-Президент күнін, тәуелсіздігіміздің қарсанында ортаңғы топпен ұйымдастырылған оқу қызметіне өз үлесін қосты. Жаңа жыл мерекесі, 8наурыз –Аналар мерекесі,ертеңгіліктер күніне өткізілген мерекелік ертеңгіліктерде би,ән үйретті. Балалардың білім деңгейін бағалауды да үйретті. Әдістемелік кеңестер берілді. Ата-аналармен де жақсы араласты. Балалармен тез тіл табысып, берілген тапсырмаларды уақытында орындап отырды.

Сөйледі : Тәлімгер тарбиеші жалпы Х.Эшманова туралы айтар болсам өткен жылдан бері айтқанды дұрыс қабылдайды. әдістемелік,шығармашылық шеберлігі арта түскені,үнемі ізденіс үстінде білмегенін сұрап білуге тырысатыны ,үлкендерді сыйлауы, ата-аналар, балалармен қарым қатынасы өте жақсы деп бағалай аламын.

Өз басын көпшіліктің ортасында дұрыс алып жүру, ұжымда сыйлы, жарқын мінезді ,адал,болашағынан көп үміт күтетін ұстаз болатынына сенімім зор.

Жалпы қорыта келе айтарым болашақта аға ұстаздардың ізің басушы ,жаңа заманға сай интернет,компьютор,электронды ақпараттар арқылы жұмыс жасай алатын,өз білімін жетілдіре білетін,шығармашыл ізденісте қажымайтын, ұстаз болуға бейімделіп , жаңа технологиялардың қыр сырын мөңгеріп аша алатын, жас маманның бірі болады деп бағалаймын

2. Оқу процесінің жылдық қорытындысы оқу процесінің қорытындысына келер болатын болсақ Үлгілік бағдарламаға көп ман беріп ар бір топ өз жауапкершілігін нақты жауапкершілікке алса нұр үстіне нұр болар еді деп өз сөзін толық егжей тегжейлі жалпыға міндетті стандарт талаптарына тоқталып кетті.

3. Тәрбиешілер мен педагоготардың мейірбикелердің жылдық жоспары

Тыңдалды: балабақша мамандарымен медбике Жасузақ Н жылдық жоспар бойынша есеп беріп өтті. 2024-2025 оқу жылындағы барлық ұсыныс сын пікір және қанағаттанарлық деп пікірлерін білдірді. Тәрбиешілер мамандармен бірлесе отырып алдағы уақытта жойатындығы туралы шешімге келді.

4. Сөйледі: балабақша меңгерушісі Х.Эшманова жаз мезгілінде балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен таныстырып өтті. Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын жіті қадағалау, бастарынан күн өтпеу, дұрыс тамақтану және жарақаттанбау үшін өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарау керектігін қадап айтты.

Шешім

№3 пед кеңестің шешімдерін орындау, талдау жасалынсын.

2. Оқу процесінің жылдық қорытындылансын.

3. Тәрбиешілер мен педагоготардың мейірбилердің жылдық жоспары толығымен есеп берілсін. 4. Жаз мезгілінің жылдық жоспарымен таныстырылсын.

Жиналыс торайымы:
Хатшы:



Х.Эшманова

ЖШС «Айдана-Зере» педагогикалық кеңесі отырысының №5 хаттамасы

Өткізілген уақыты: 11.07.2025 ж

Қатысқандар саны – 8

1. 2025-2025 оқу жылының қорытындысы.
2. Балалардың білім, білік, дағдыларының даму көрсеткіштері.
3. Мектепке дейінгі білім беру стандарттарының орындалуы.
4. Ата-аналармен өзара байланыс және серіктестік жұмыстары.
5. Тәрбиешілердің кәсіби шеберлігін арттыру жолдары.

1-мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі Х.Эшманова III тоқсанның қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасады. Ол тоқсан бойы жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелеріне тоқталып, әр топтағы балалардың білім деңгейі мен тәрбие сапасы туралы нақты мәліметтер келтірді. Х.Эшманова тоқсандық жоспарлардың орындалу барысына, сабақтардың ұйымдастырылу сапасына және күнделікті тәрбие жұмыстарының тиімділігіне талдау жасады. Сонымен қатар, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу қызметтерінің ұйымдастырылуы, олардың шығармашылық қабілеттерінің дамуы және жеке-дара жұмысқа баса назар аударылды. Ұсыныс: Әр тәрбиеші топтағы балалардың білім, тәрбие көрсеткіштерін жақсарту бойынша жұмысты жалғастырып, оқу-тәрбие қызметін одан әрі жетілдірсін.

2-мәселе бойынша:

Топ тәрбиешілері өз топтарындағы балалардың білім, білік, дағдыларының даму көрсеткіштері бойынша есеп берді. Әр тәрбиеші топтағы балалардың танымдық, сөйлеу, шығармашылық қабілеттерінің дамуы туралы мәлімет берді. Балалардың дербес ерекшеліктеріне сай жұмыс жүргізу, сабақ барысындағы белсенділікті арттыру, ойын арқылы оқыту әдістерінің тиімділігі айтылды. Сонымен қатар, кейбір топтарда балалардың жеке даму жоспарларының орындалуында кемшіліктер анықталып, оларды жою бойынша нақты шаралар ұсынылды.

Ұсыныс: Тәрбиешілер балалардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған ойындар, интерактивті әдістер мен топтық жұмыстарды жиі қолдансын.

3-мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі Х.Эшманова мектепке дейінгі білім беру стандарттарының талаптарының орындалу барысына талдау жасады. Әдіскер әр топтағы оқу қызметінің мектепке дейінгі білім беру бағдарламасына сәйкестігі туралы айтты. Стандарттар талаптарына сәйкес, сабақ жоспарларының жүйелі түрде орындалуы, балалардың жас ерекшеліктеріне сай дамытушы орта қалыптастыру және оқу қызметінің сапасын арттыру қажеттігі айтылды.

Ұсыныс: Тәрбиешілер мектепке дейінгі білім беру стандарттарының талаптарын қатаң сақтап, балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасасын.

4-мәселе бойынша:

О.Мылтыкбаева ата-аналармен қарым-қатынас орнату жұмыстары бойынша баяндама жасады. Ата-аналармен тиімді байланыс орнату, ата-аналарды оқу-тәрбие процесіне белсенді тарту, ата-аналар жиналыстарын тұрақты өткізу, сондай-ақ кері байланыс механизмдерін қолданудың маңыздылығы айтылды. Сонымен қатар, ата-аналармен бірлескен іс-шаралар мен тренингтер өткізу қажеттігіне назар аударылды.

Ұсыныс: Тәрбиешілер ата-аналармен кері байланыс орнату, олардың баланың дамуына белсенді қатысуына жағдай жасау үшін жұмыс жүргізсін.

5-мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі Х.Эшманова тәрбиешілердің кәсіби шеберлігін арттыру жолдары туралы баяндады. Ол тәрбиешілердің кәсіби даму деңгейін арттыру үшін семинарлар, тренингтер, шеберлік сыныптарын ұйымдастырудың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ, тәрбиешілердің тәжірибе алмасу алаңдарын құру, озық тәжірибелерді енгізу, жаңа әдістемелерді қолдану ұсынылды.

Ұсыныс: Тәрбиешілер кәсіби біліктіліктерін арттыру мақсатында семинарлар мен тренингтерге белсенді қатыссын және өзара тәжірибе алмасуды жалғастырсын.

Қаулы қабылданды:

1. Тәрбиешілер оқу қызметі барысында мектепке дейінгі білім беру стандарттарын қатаң сақтауы тиіс.
2. Балалардың жеке қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу қажет.
3. Ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, оқу-тәрбие жұмыстарына белсенді тарту.
4. Тәрбиешілердің кәсіби біліктілігін арттыру бойынша семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру.
5. Әр топ тәрбиешісі оқу қызметінің сапасын арттыру мақсатында өз жұмысын талдап, кемшіліктерді жоюға бағытталған шараларды қабылдауы қажет.

Жиналыс торайымы:
Хатшы :



Х.Әшманова